

САПА САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология кафедрасы

2021/2023 жылдарға арналған

Миссиясы. Инновациялық технологиялық процестер мен өндірістерді құру, еңбек нарығында талап етілетін, заңнамалық және нормативтік ұлттық және халықаралық стандарттарды сақтауға сәйкес мемлекеттік бағдарламаларды орындауға арналған техносфераның экологиялық таза жұмыс істеуі саласында жаңа буынның бәсекеге қабілетті жоғары білікті кадрларын кәсіби даярлау.

Сапа саласындағы Стратегия. Барлық мүдделі тараптардың-білім алушылардың (бакалаврлардың, магистранттардың, докторанттардың), олардың ата – аналарының, индустрия өкілдерінің, мемлекеттік органдар басшыларының, ғылыми қоғам пен жалпы қоғамның талаптары мен тілектерін ескере отырып, білім беру (оқу, оқу-әдістемелік) және ғылыми жұмыс сапасына кепілдік беру бойынша кафедра қызметін үздіксіз жетілдіру.

Саясаттың негізгі бағыттары:

1 Кафедрада 6B07110 ББ - "Химиялық және биохимиялық технология", 6B05102 – "Химиялық және биохимиялық инженерия" (Бакалавриат), 6B05102 – "Химиялық және биохимиялық инженерия" (Бакалавриат), 6B05103 – "Инженерлік экология" (Бакалавриат), 6B07116 – "Негізгі өндірістер технологиясы және жаңа материалдар" (Бакалавриат), 7M07110 ББ – "Химиялық процестер және химиялық материалдар өндірісі" (Магистратура); 8D05201 – "Биоэкологиялық инженерия" (Докторантура), 8D07109 ББ – "Инновациялық технологиялар және жаңа бейорганикалық материалдар" (Докторантура) бойынша үздіксіз және көп деңгейлі білім беру жүйесін дамыту.

2 Кафедрада білім берудің жоғары сапасына кепілдік беретін басқарудың демократиялық жүйесін дамыту, кафедраның ұжымында оқытудың қазіргі заманғы технологияларын, білім мен ғылымды дамытудың әлемдік үрдістерін, Болон процесінің қазіргі заманғы оқыту технологияларының тәжірибесін ескере отырып, жоғары сапа мәдениетін қалыптастыру.

3 Бизнес-қоғамдастықпен және жұмыс берушілермен ынтымақтастықты кеңейту және оларды білім беру бағдарламаларының, оқу, өндірістік және ғылыми тәжірибелер мен тағылымдамалардың мазмұнын анықтауға тарту.

4 Заманауи оқу және ғылыми қондырғылары мен аспаптарын сатып алу арқылы білім беру бағдарламалары бойынша кафедраның материалдық-техникалық базасын үнемі нығайту.

5 Бітірушілерді даярлаудың жоғары сапасының негізі ретінде көп бейінді және пәнаралық ғылыми іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамыту.

6 Академиялық және ғылыми еркіндік, академиялық адалдық пен корпоративтік рухты қолдау негізінде оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми қызмет сапасына кепілдік беру бойынша кафедра қызметін үздіксіз жетілдіру

7 Жеке тұлғаға қатысты кез келген төзбеушілік немесе кемсітуден қорғау негізінде кафедраның тәрбие жұмысын үздіксіз жетілдіру, білім алушылардың бойында дербестік пен көшбасшылық қасиеттерді дамыту, білімді үздіксіз жетілдіру және жаңарту қажеттілігі, білім алушыларда кәсіби, мәдени және әлеуметтік салаларда жеке тұлғаны дамытудың жоғары қағидаларын қалыптастыру.

Кафедра ISO 9001:2015 халықаралық стандарттарының, еуропалық жоғары білім кеңістігінің (ESG) сапасын қамтамасыз ету жөніндегі ережелердің және Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың білім беру стандарттары мен рәсімдерінің талаптары негізінде корпоративтік басқару жүйесінің нәтижелі жұмыс істеуі және сапа менеджменті жүйесінің дамуы үшін біздің қызметіміздің сапасының кепілі ретінде жауапкершілікті өзіне алады.

"Химиялық процестер және өнеркәсіптік экология" кафедрасының сапа саласындағы саясаты кафедра отырысында бекітілді (хаттама № 1, 16.08.2021 ж. қайта қарастырылды).